

Бір жолғы талон негізінде кәсіпкерлікпен айналысатын тұлғалардың бір күнгі сатушылық қызметтің талон құнын бекіту туралы

Күші жойған

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 13 қыркүйектегі N 232 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 13 қазанда N 10-3-188 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2012 жылғы 19 желтоқсандағы N 68 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2012.12.19 N 68 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36-бабының 6-тармағына сәйкес Арал аудандық мәслихаты **ШЕШЕМІЗ:**

1. Арал ауданы бойынша сауда объектілерінде тауарларын /мүлкін/ өткізетін, сататын біржолғы талон негізінде кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалардың бір күнгі сатушылық қызметінің талон құны 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Арал ауданы бойынша дүркін-дүркін сипаттағы қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын біржолғы талон құнының тізбесі 2-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс отыз жетінші
сессиясының төрағасы А. Садуақасова
Аудандық мәслихат хатшысы Ә. Әуезов
КЕЛІСІЛДІ

Арал ауданы бойынша салық
басқармасының бастығы
----- Б. Нуридинов

"13" қыркүйек 2011 жыл

Арал аудандық мәслихатының
2011 жылғы 13 қыркүйектегі
кезектен тыс отыз жетінші
сессиясының N 232 шешіміне

1-қосымша

**Арал ауданы бойынша сауда объектілерінде тауарларын /мүлкін/
өткізетін, сататын біржолғы талон негізінде кәсіпкерлікпен айналысатын
жеке тұлғалардың бір күнгі сатушылық қызметінің талон құны**

N	Мамандануы	Сауда орны	Айлық есептік көрсеткіш мөлшерімен есептегенде
1	Азық-түлік	Жүк автокөліктерінен азық-түлік сату	0,771
2		Жеңіл автокөліктерден азық-түлік сату	0,385
3		Сүт, сүт өнімдерінен сату	0,038
4		Сөрелерден азық-түлік, жеміс-жидек, көкөністер сату	0,116
5		Қолдан азық-түлік сату	0,038
6		Кәуап-гриль сату	0,184
7		Бақша өнімдерін (қауын-қарбыз) белгіленген орындарда сату	0,116
8		Газды су, сусындар, балмұздақтар мен гамбургерлер, пирожки, чебуреки сату	0,077
9		Салат сату	0,056
10		Ұн, нан, торт (кондитерлік өнімдерін)	0,056
11		Ет және ет өнімдерін	0,233
12		Тартылған ет сату	0,077
13		Құс түрлерін бүтіндей сату	0,155
14		Самса, бәліш дайындап сату	0,116
15		өндірістік заттар	Жүк автокөліктерін сату
16	Жеңіл автокөліктерін сату		0,431
17	Құрылыс заттарын сату (сыр, олиф, шеге, т.с.с.)		0,155
18	Теледидар, радио және электр тауарларын сату		0,130
19	Қосалқы бөлшектер және шаруашылық өндірістік заттарын сату		0,116
20	Автокөліктердің қосалқы бөлшектерін сөреден сату		0,233
21	Қымбат бағалы бас киімдер сату (кұлақшын)		0,138
22	Былғары және жазғы бас киімдер сату		0,081
23	Парфюмерия, галантерея тауарларын сату		0,081
24	Алтыннан жасалған бұйымдар сату (1 орынға)		0,385
25	Мереке күндері сыйлықтар дайындап сату (1 орынға)	0,116	

26		Кілем, алаша сату	0,155
27		Балалар ойыншықтарын сату	0,081
28		Сөреден киім-кешектер, носки, аяқ киім сату	0,092
29		Ішкі сауда орындарда киім сату (1 орынға)	0,141
30		Хрустальдан жасалған ыдыстар сату	0,148
31		Аудио-бейне таспа және тұрмыстық техникалар сату	0,148
32		Қолдан сату	0,053
33	Қызмет көрсету	Ет дүкеніндегі қасапшылық қызметтер көрсету	0,077
34		Асабалық, әншілік, камераға түсіру	0,385
35	Автокөлік сату	Жүк көліктерін сату	0,233
36		Жеңіл көліктерін сату	0,138
37		Мотоцикл сату	0,067
38		Қолданылған қосалқы бөлшектер сату	0,233
39	Мал, жем-шөп сату	Ірі қара мал сату	0,155
40		Басқа мал түрлерін сату	0,092
41		Құс және басқа да үй жануарларын сату	0,038
42		Мал азығын сату	0,120

Арал аудандық мәслихатының
2011 жылғы 13 қыркүйектегі
кезектен тыс отыз жетінші
сессиясының N 232 шешіміне

2-қосымша

Арал ауданы бойынша дүркін-дүркін сипаттағы қызметпен айналысатын жеке тұлғалардан алынатын бір жолғы талон құнының ТІЗБЕСІ

Қызмет түрі	Айлық есептік көрсеткіш мөлшерімен есептегенде
Газеттер мен журналдар сату	0,038
Тұқым, көшет сату	0,053
Бакша дақылдарын сату	0,113
Саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді сату	0,053
Қосалқы ауыл шаруашылығы, бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін сату	0,077
Бал сату	0,077
Саңырауқұлақтар сату	0,056
Сыпырғылар, сыпыртқылар сату	0,056
Жануарлар мен құстардың жемдерін сату	0,077
Балық сату	0,077
Үй жануарларын және құстарды бағу (1 күнге)	0,056

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК